

Кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы авиакомпаниялар орындайтын авиациялық жұмыстардың тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 шілдедегі N 645 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 1398 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2013 № 1398 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы авиакомпаниялар орындайтын авиациялық жұмыстардың тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 3 шілдедегі
N 645 қаулысымен
бекітілген

Кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы авиакомпаниялар орындайтын авиациялық жұмыстардың тізбесі

1. Авиациялық-химиялық жұмыстар.
2. Әуеде суретке түсіруді орындау жөніндегі ұшулар.
3. Орман шаруашылығына қызмет көрсету жөніндегі ұшулар.
4. Құрылыс-монтаждау және тиеу-түсіру жұмыстарымен ұшулар.
5. Көліктік-байланыстық ұшулар.
6. Теңіз кемелерінен және теңіздегі бұрғылау қондырғыларынан ұшулар.
7. Халыққа медициналық көмек көрсету және санитарлық іс-шаралар жүргізу жөніндегі ұшулар.
8. Эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі

Ұ ш у л а р .

9. Дүлей зілзала, авариялар мен апаттардың зардаптарын жою мақсатында орындалатын ұшулар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК